

**"ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 377 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 қарашадағы № 791 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 181-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының директорлар кеңесі құрамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 377 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 29, 246-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Сұлтанов  
Бақыт Тұрлыханұлы – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Смайылов  
Әлихан Асханұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі *Б. Сағынтаев*